



4 370220 330012

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді

www.aqtobegazeti.kz

aktobegazeti@mail.ru

Жұмыс сапары



ҮЗДІК КӨРСЕТКІШ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

Жұмыс сапарымен облысқа келген Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин өңірдегі аграршылармен кездесті.

Кездесуге онлайн байланыс арқылы аудандардағы шаруа қожалықтарының басшылары қатысты. Облыс әкімі Асхат Шахаров өңірдегі ауыл шаруашылығының негізгі бағыты — мал шаруашылығы болып қала беретінін атап өтті. Сондай-ақ Әйтеке би, Қарғалы, Хромтау және Мәртеке аудандарында өсімдік шаруашылығы да белсенді дамып келе жатқанын жеткізді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 412 млрд теңгені құрап, былтырғымен салыстырғанда 2,5 пайыз өскен. 2026-2028 жылдары өңірдің агроөнеркәсіп кешенінде жалпы мөлшері 94,9 млрд теңге болатын 11 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда, оның ішінде 4 жоба биыл іске қосылады. Олардың қатарында «Жаннұр» шаруа қожалығы мен «Agroproduct development» ЖШС бордақылау алаңдарын салу және кеңейту, «Рамазан құс» ЖШС құс фабрикасын іске қосу, сондай-ақ «АЙС» ЖШС сүт-тауар фермасын ашу жобасы бар.

Былтыр өңірде 554 мың тонна дөңді дақыл және 72,4 мың тонна майлы дақыл жиналған. Сондай-ақ картоп пен көкөністен де мол өнім алынған. Егіс алқаптарын өртарпақтандыру аясында майлы және мал азықтығы дақылдарының көлемі ұлғайтылды. Кездесу барысында ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалин қатысушыларды мал шаруашылығын дамыту жөніндегі жаңа кешенді жоспардың негізгі параметрлері туралы хабардар етті.

Талқылау кезінде аграршылар бірқатар мәселені көтерді. Атап

айтқанда, Қазақстан фермерлері қауымдастығы облыстық филиалының жетекшісі Құсайын Сәрсембай «Игілік», «Береке» және «Жайлау» бағдарламалары бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы кепілдік беру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Серік Жұманғарин қазіргі уақытта осы бағдарламалар бойынша «Даму» қоры арқылы кепілдік беру тетігі пысықталып жатқанын айтты. Бұл құралды енгізу жөні-

жерімен еліміздегі ең ірі өңір екенін атап өтті. Мемлекет аграршыларға қолдау көрсетуді жалғастыратынын жеткізді. Бастысы, негізгі талаптың бірі — ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану. Осы бағытта тиімділік көрсеткіштерін енгізу және өсімдік шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың мал шаруашылығын қатар дамытуы қарастырылуда. Бұдан кейін Серік Жұманғарин бюджет мәселелері бойынша



де алдын ала келісімге қол жеткізілген. Сонымен қатар несие мен лизинг бойынша пайыз мөлшерлемелерін субсидиялаудың қолжетімділігі мәселесі де көтерілді. «Айс плюс» ЖШС директоры Қуаныш Ищанов портал жұмысының тоқтатылғанын мәлімдеді. Сондай-ақ өңірдегі «Степное», «Құмқұдық», «Пригородное» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері және «Мендібай-Қарағаш» шаруа қожалығының өкілдері де өз сұрақтарын қойды. Барлық көтерілген мәселеге түсіндірме берілді.

Кездесу қорытындысында вице-премьер Ақтөбе облысы 25,3 млн гектар жайылымдық

жыын өткізіп, қаржыландырудың негізгі параметрі мен шығыстардың басым бағыттарын талқылады.

Басқосу қорытындысы бойынша бюджет қаражатын тиімді пайдалану және оның игерілуіне бақылауды күшейту жөнінде тапсырма берілді.

Жұмыс сапарының соңында Премьер-Министрдің орынбасары «KAZFELTEC» ЖШС жүн өңдеу зауытының жұмысымен танысты. Кәсіпорын италиялық технологияларды пайдаланып, табиғи қой жүнінен жылу және дыбыс оқшаулағыш материалдар өндіреді. Д.ҚАЗИХАН.

Энергетика

АҚТӨБЕДЕ ЖАҢА ГАЗ ҚҰЮ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Ақтөбе қаласында табиғи газбен жүретін автобустарды тұрақты отынмен қамту үшін жаңа газ құю кешені іске қосылды. Кешеннің ашылу салтанатына облыс әкімі Асхат Шахаров және «QazaqGaz» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Әлібек Жамауов қатысты.

«QazaqGaz» ұлттық компаниясы пайдалануға берген Ақтөбедегі автомобиль газ толтыру компрессорлық станциясы енді «Автопарк», «Qala Trans», «Akzhayik Avtopark» және өзге де тасымалдаушы ұйымдардың 220-дан астам автобусына тоқтаусыз қызмет көрсетеді.

Жаңа нысан «QazaqGaz Onimderi» брендімен жұмыс істейді және тәулігіне 500-ге дейін көлікке қызмет көрсетуге қауқарлы. Ол қаланың айнала жолы бойында орналаққан, бұл қалалық автобустарға ғана емес, сонымен қатар «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық дәлізі арқылы өтетін транзиттік көліктерге де қолайлы.

— Бұл — Мемлекет басшысының газ-мотор отынын дамыту және заманауи қалалық ортаны қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға қосылған маңызды үлес. Табиғи газ — қазба отын түрлерінің ішіндегі ең экологиялық тазасу түрі, ал Ақтөбе сияқты ірі қала үшін атмосфераға зиянды шығарындыларды азайту әрбір азаматтың денсаулығы мен жайлылығына ықпал ететіні сөзсіз. Сондай-ақ бұл шешімнің орасан зор экономикалық тиімділігі бар. Осы жобаны жүзеге асыруға қатысқан барша азаматқа алғысымыз білдіремін, — деді өңір басшысы Асхат Шахаров.

Жоба Қазақстанның 2025-2029 жылдарға арналған газ саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспары аясында жүзеге асырылып отыр. Құжатта газ-мотор инфрақұрылымын дамыту негізгі басымдықтың бірі ретінде белгіленген. Басқарма төрағасы Әлібек Жамауов табиғи газды көлік оты-



рындыларды азайту әрбір азаматтың денсаулығы мен жайлылығына ықпал ететіні сөзсіз. Сондай-ақ бұл шешімнің орасан зор экономикалық тиімділігі бар. Осы жобаны жүзеге асыруға қатысқан барша азаматқа алғысымыз білдіремін, — деді өңір басшысы Асхат Шахаров.

Жоба Қазақстанның 2025-2029 жылдарға арналған газ саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспары аясында жүзеге асырылып отыр. Құжатта газ-мотор инфрақұрылымын дамыту негізгі басымдықтың бірі ретінде белгіленген.

Басқарма төрағасы Әлібек Жамауов табиғи газды көлік оты-

ны ретінде пайдаланудың экологиялық және технологиялық тиімділігіне тоқталды.

— Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалану шығарындыларды азайтуға және ауа сапасын жақсартуға ықпал етеді, ал желіні басқарудың франчайзингтік моделі сервис пен технологиялық сенімділіктің бірыңғай стандарттарын қамтамасыз етеді, — деді ол.

Айта кетейік, бұл — қалада ашылған екінші газ құю кешені. Бұған дейін іске қосылған алғашқы нысан тәулігіне шамамен 180 көлікке қызмет көрсетеді.

Д.АЙДАР.

Мемлекеттік қызмет

АГЕНТТІК ӨКІЛІН ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаров Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Салауат Мүксімовті қабылдады.

Кездесуге агенттіктің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Айбек Шілманов та қатысты.

Басқосуда 2026 жылдың I тоқсаны бойынша мемлекеттік қызмет саласындағы көрсеткіштердің қорытындысы, өңірдегі сыбайлас жемқорлықтың алдын

алу бағытындағы жұмыс барысы айтылды. Негізгі индикаторлар, соның ішінде меритократия деңгейі, кадр тұрақтылығы, азаматтардың қалпына келтірілу құқығы және Әдеп жөніндегі кеңес ұсынымдарының орындалуы белгіленген шеңберде жоғары. Бүгінде облыста 3822 мемлекеттік қызметші жұмыс істейді.



Тараптар мемлекеттік қызмет сапасын арттыру және халық сенімін нығайту бағытындағы жұмысты жалғастыруға уағдаласты.

А.ЖАЛМАҒАНБЕТОВА.

Кезқесу

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ



Облыс әкімінің орынбасары Абзал Әбдікерімов «Shell Kazakhstan» компаниясының делегациясымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында өңірде инвестициялық жобаларды іске асыру және өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, 2026 жылғы 5 наурызда «Shell» компаниясы мен Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі арасында жасалған келісім аясында Мұғалжар және Алға аудандары аумағындағы «Жаңатұрмыс» учаскесінде геологиялық барлау жүргізу

жоспары қаралды.

Жоба шеңберінде сейсмикалық барлау жүргізу, геологиялық деректерді жинау және техникалық бағалау жұмысын іске асыру көзделген. Барлық жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес жүзеге асырылады.

Кездесу барысында өңірдің инвестициялық әлеуеті мен мұнай-газ саласының даму көрсеткіштері таныстырылды. Қазіргі таңда облыста 244 жер қойнауын пайдаланушы қызмет атқарауда. Сондай-ақ өткен жылдың

қорытындысы мен осы жыл барысындағы өндірістік көрсеткіштің оң динамикасы атап өтілді.

Жобаны іске асыру үшін мемлекеттік қолдау шаралары, оның ішінде инвестициялық жобалар пулына енгізу, жер учаскесін бөлу және инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ынтымақтастықты жалғастыруға және геологиялық барлау жұмысын белгіленген мерзімде жүзеге асыруға уағдаласты.

А.САЙЛАУҚЫЗЫ.

Қабылғау

АЗАМАТТАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТЫҢДАДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаров азаматтарды жеке мәселесі бойынша қабылдады.

Бейнебайланыс арқылы 7 адам өз мәселесін өңір басшысына жеткізді. Олардың қатарында Шалқар, Байғанин, Қарғалы аудандары мен Ақтөбе қаласының тұрғындары бар.

Қабылдауға жазылған азаматтар, негізінен, әлеуметтік және инфрақұрылымдық мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, ауылшылық жолдардың жай-күйі, баспанамен қамтамасыз ету, көпбалалы

отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері қозғалды. Сондай-ақ өңірдегі ардагерлері атынан бірқатар ұсыныс айтылып, медицина саласына жасанды интеллект енгізу жөнінде бастама көтерілді.

Өңір басшысы әрбір өтінішті мұқият тыңдап, «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында мемлекеттік органдарға нақты тапсырма берді. Көтерілген мәселелердің орындалуы бақылауға алынды.

Өз тілшіміз.

Өңірдің дамуы

ӨСІМ ЖӘНЕ ОҢ ДИНАМИКА

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және бюджеттің орындалуы облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде қаралды.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нұржан Мақсатовтың мәліметінше, биылғы бірінші тоқсанда облыста макроэкономикалық жағдай тұрақты. Қысқа мерзімді экономикалық өсім индексі — 103,5%, негізгі көрсеткіштердің басым бөлігінде оң динамика бар.

Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік және сауда салаларында өсім байқалады. Тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі артты, сондай-ақ қызмет көрсету саласында да тұрақты өсім сақталып отыр.

— Ауыл шаруашылығы саласында биыл 101,5 пайыз деңгейінде өсім қамтамасыз етілді. Құрылыс саласында да оң динамика байқалып, өсім 109,3 пайызға жетті, орындалған жұмыстың көлемі —

45,9 миллиард теңге. Көлік және қоймалау саласында 110,7 пайыз өсім бар, қаржы көлемі 138,9 миллиард теңгеге жетті. Тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші 103,3 пайыз құрап, 205 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Сонымен қатар өңірде 153 миллиард теңге инвестиция тартылды, — деді Нұржан Мақсатов.

Баяндамашы сондай-ақ аудандардағы жағдайға жеке тоқталып, кейбір бағытта, оның ішінде инвестиция, өнеркәсіп, құрылыс және сауда салаларында жұмысты күшейту керектігін атап өтті.

— Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді, сондықтан басты назар нақты нәтижеге аударылуы керек. Негізгі басымдықтар — инвестиция тарту және жұмыс орындарын құру. Бізге формалды есеп емес, нақты нәтиже қажет, — деді Асхат Шахаров. А.МӘЛІКҚЫЗЫ.

«СНПС-АҚТӨБЕМҰНАЙГАЗ» АҚ

2026-2035 жылдарға арналған Жаңажол мұнай-газ өңдеу кешені және Жаңажол кен орны «Октябрь мұнай» мұнай-газ өндіру басқармасы нысандары үшін кешенді экологиялық рұқсат (КЭР) алу мақсатында жобалық материалдар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдауларды өткізілетіні туралы хабарлайды: ауа қабатына шығатын шығарындыларды нормативтерді жобасы, «Октябрь мұнай» мұнай-газ өндіру басқармасы CST-2.4 флотация алаңдарына ағынды суды бұра отырып, ластаушы заттардың рұқсат етілген төңіргілері нормативтерінің жобасы, Жаңажол мұнай өңдеу кешені бойынша шаруашылық-тұрмыстық төңіргілердің нормативтерінің жобасы, Жаңажол мұнай өңдеу кешені үшін күкртті ашық түрде қоршаған ортада орналастыру нормативтерінің жобасы, технологиялық нормативтер жобасы, жол берілетін физикалық әсерлер нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілу күні: 2026 жылғы 20 мамыр.

Өткізу уақыты: сағат 10.00-де.

Қоғамдық тыңдаулар Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл ауылдық округі, Жағабулақ ауылы, Н.Қаржаубаев көшесі, 6 мекенжайы бойынша өткізіледі.

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы, 3-үй, байланыс тел: +7(7132) 76-61-49, эл. пошта: zhulduzbaev@cnpc-amg.kz.

Әзірлеуші: «Ecology Business Consulting» ЖШС, Астана қаласы, А.Турлыбаева көшесі, №8 үй, тел.: 8 (7172) 43-07-57; e-mail: @it@ebc. astana@mail.ru, «Asia consult» ЖШС, Ақтөбе қаласы, Саңқибай Батыр көшесі №1 үй, 320 тел: 87719089999; e-mail: asiaconsult@bk.ru, «Астана ЭкоАудит» ЖШС, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 7/2-2, тел: 87071827888, e-mail: sandibekov.b@gmail.com.

Жобалық құжаттама пакетімен ҚО ТРЖ ҰДБ сайтында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескерту және (немесе) ұсыныстар ҚО ТРЖ ҰДБ сайтында, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме ҚО ТРЖ ҰДБ сайтында және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында ұсынылады.

Тыңдауға қатысу үшін келесі сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us05web.zoom.us/j/87110897466?pwd=BCkH7tqV3NiQcV4qLkYm23lYpDp.1>.

Конференция идентификаторы: 871 1089 7466.

Кіру коды: 9УКНрН.

Қосымша ақпаратты келесі мекенжай бойынша алуға болады: Ақтөбе қаласы, 312- атқыштар дивизиясы, 3-үй, эл. пошта: zhulduzbaev@cnpc-amg.kz және +7 (7132) 76-61-49 телефоны бойынша алуға болады.

«СНПС-АҚТӨБЕМҰНАЙГАЗ» АҚ

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылы 20 мамыр күні сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл с.о., Жағабулақ с. Н.Қаржаубаев көшесі, №6 мекенжайы бойынша «Жаңажол кен орны №№2672, 2650, 2658, 2674 қиғаш бағытталған ұңғымаларының құрылысына арналған топтық техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі; «Жаңажол кен орны №№4065, 4066 көлденең бағытталған ұңғымаларының құрылысына арналған топтық техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі; «Жаңажол кен орны №5171, 5156, 5157, 5173, 5312, 5315 қиғаш бағытталған ұңғымаларының құрылысына арналған топтық техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі; «Жаңажол кен орны №576 ұңғымасының бүйір оқпанын қайта қазуға арналған жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі»; «Жаңажол кен орны №901 ұңғымасының бүйір оқпанын қайта қазуға арналған жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі»; «Жаңажол кен орны №904 ұңғымасының бүйір оқпанын қайта қазуға арналған жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі»; «Жаңажол кен орны №3608 ұңғымасының бүйір оқпанын қайта қазуға арналған жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі»; «Жаңажол кен орны №3610 ұңғымасының бүйір оқпанын қайта қазуға арналған жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі»; «Жаңажол кен орны №5044 ұңғымасының бүйір оқпанын қайта қазуға арналған жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі»; «Жаңажол кен орны №5130 ұңғымасының бүйір оқпанын қайта қазуға арналған жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі»; «Жаңажол кен орны №4071, 5029 ұңғымаларының консервациялауға арналған топтық техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі; «Жаңажол кен орны №2049 ұңғымасын ликвидациялауға арналған жекеленген техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы, 3-үй, БСН 991041005280. Байланыстар: тел: +7 (7132) 766-469; эл. пошта: nil.cnpc-amg@mail.ru.

Әзірлеуші: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ ФЗИ, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы, 3-үй, БСН 991041005280. тел.: 8 (7132) 766-469; эл. пошта: nil.cnpc-amg@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескерту және (немесе) ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында ұсынылады.

Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us05web.zoom.us/j/85040179651?pwd=HfHzTQ5wllqDPAZOmp79xoEWGX6IA.1>

Конференция идентификаторы: 850 4017 9651

Кіру коды: WуJf19.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Ақтөбе қаласы, 312- атқыштар дивизиясы, 3-үй, эл. пошта: nil.cnpc-amg@mail.ru. және +7 (7132) 766-469 телефон нөмірі.

«АҚТӨБЕ ЖЭО» АҚ

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 73-бабы талаптарына сәйкес «Өнімділігі 100 Гкал болатын ст. №7 су жылыту қазандығын салу» жұмыс жобасына арналған ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша экологиялық құжаттама материалдарына қатысты қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Есер өту аумағы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы. Координаттары: солтүстік ендік 50°20'9.57", шығыс бойлығы 57° 8'39.16".

Қоғамдық тыңдаулар:

2026 жылғы 26 мамыр, сағат 14.00-де келесі мекенжайда өтеді: Ақтөбе қ., 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 60 (техникалық басқарма, акт залы, 2-қабат, №1 бекет кіреберіс, АЗФ жағындағы КПП) (офлайн) өтеді.

Есер өтуі мүмкін өкімшілік-аумақтық бірлік және қоғамдық тыңдаулар өтетін орын: Ақтөбе қаласы.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы:

«Ақтөбе ЖЭО» АҚ, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 60, БСН: 060640001842, e-mail: office@aktobetec.kz, тел: 8-7132-260-021.

Жобалық құжаттама әзірлеуші: «Зеленый мост» ЖШС, Астана қ., Тұран даңғылы, 59/2, НП 12, тел.: +7 (7172) 98-68-07, БСН: 130340015103, e-mail: miheenko@green-bridge.kz.

Қоғамдық тыңдаулар барысында бейнеконференция арқылы онлайн қосылу Zoom платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Ақтөбе қаласында 2026 жылғы 26 мамырдағы қоғамдық тыңдауларға қатысу сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/150968585?pwd=rmxkrjPrOPbifObWQWzHxhmCRrCxOE.1&omn=82292158944>

Конференция идентификаторы: 715 096 8585.

Қатысу коды: 12aGai.

Қоғамдық тыңдаулар материалдарымен келесі сайтта танысуға болады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Жоспарланып отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты мына байланыс арқылы алуға болады: e-mail: miheenko@green-bridge.kz, тел.: 8-705-101-00-12.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі сайтта (<https://hearings.ndbecology.gov.kz>), сондай-ақ «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайы бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 40, тел.: 8 (7132) 55-09-30, e-mail: aktobe.uprrp@yandex.kz

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Эколит» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істейтін полигон».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 10.04.2026 ж. – 9.05.2026 ж.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Invest Oil Trade» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Invest Oil Trade» ЖШС өндірістік базасында мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау және босату».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/> «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 10.04.2026 ж. – 9.05.2026 ж.

«ҚОБДА АУДАНЫДЫҚ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ, ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» ММ

«Қобда аудандық мәдениет үйі» МКҚК директорының бос тұрған лауазымына конкурс жариялайды

Орналасқан орны: 031000, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылы, Әбілқайырхан көшесі 38. Анықтама үшін телефон: 8(713-41)21-5-49. «Қобда аудандық мәдениет үйі» МКҚК қызметінің мәні: мемлекеттік және коммерциялық тапсырмаларды, тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру болып табылады.

Лауазымдық міндеттері:

Мәдениет мекемесінің өкімшілік-шаруашылық және экономикалық қызметіне жалпы басшылық етеді. Халық арасында мәдени-ағартушылық және бос уақыт қызметінің негізгі бағыттарын әзірлейді және орындауына бақылау жасайды. Мәдениет үйінің жылдық, шығармашылық-өндірістік, әдіскерлік, мәдени-ағарту жұмыстарының жоспарларын әзірлейді. Мәдени-тынығу ұйымының озық тәжірибесін зерттеп, қорытылуын ұйымдастырып мекеменің іс-тәжірибесіне енгізеді. Мәдениет үйінің қызметін және барлық қызметкердің жұмысын ұйымдастырады, атап айтсақ: фестивалдерді, байқауларды, конкурстарды, көрмелер және шаруашылық қызметті өзге де түрлерін өткізеді. Көркемөнерпаз ұжымдарының жұмысын қадағалайды. Методикалық құралдар, сценарийлер, репертуар шығару, оны рецензиялау және көркемөнерпаз ұжымдарына шығармашылық көмек көрсетуге білікті мамандарды тартады. Мәдениет үйін білікті кадрлармен қамтамасыз етеді, кәсіби біліктілігін арттырады, мадақтайды, қызметкерлердің шығармашылық бастамаларын ынталандырады. Қызметкерлермен ішкі еңбек тәртібінің ережесін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және ертке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтауына бақылау жүргізеді. Ірі маңызды шараларға, театрландырылған мерекелерге, халық серуендеріне, балдарға, демалыс кештеріне қатысуды қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы»; «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»; «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы»; «Мемлекеттік мүлік туралы»; «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарын және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін, мәдениет және өнер, мәдени-демалыс жұмыстарының нысандарын мен әдістері мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдардың актілерін, халық шығармашылығын дамытудың жоспарларын, отандық және шетелдік әдістемелік орталықтар мен көркемөнерпаздар ұйымдарының озық тәжірибелерін негізге ала отырып, өз қызметін жүзеге асыруға тиіс.

Кәсіпорын басшысының лауазымына кандидатуралар іріктеу кезінде қойылатын негізгі талаптар мыналар болып табылады:

«Өнер» немесе «гуманитарлық ғылымдар» мамандықтар тобы бойынша немесе «экология» немесе «құқықтану» немесе «экономика» мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандық бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Конкурсқа мынадай тұлғалар қабылданбайды:

- 1) он сегіз жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбузушылық жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар қажетті құжаттарды конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында («Ақтөбе», «Ақтөбінский вестник» газеттерінде) соңғы жарияланған күнінен бастап 15 күнтізбелік күні ішінде «Қобда аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-не тапсырады:

конкурсқа қатысу туралы өтініш; мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме; еркін нысанда жазылған өмірбаян; білімі туралы құжаттардың көшірмелері; еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қарашада №21579 болып тіркелді.) бекітілген денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің білімі туралы жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі, (біліктілік арттыру, ғылыми дәрежелері мен атақтары туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар және т.б.) қосымша ақпараттар бере алады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (өңімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«СНПС-АҚТӨБЕМҰНАЙГАЗ» АҚ

ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2026 жылы 20 мамыр күні сағат 12.00-де Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл с.о., Жағабулақ с. Н.Қаржаубаев көшесі, №6 мекенжайы бойынша «Южный Жаңажол кен орны №1015, 1018 қиғаш бағытталған ұңғымаларының құрылысына арналған топтық техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі; «Южный Жаңажол кен орны №1025, 1038 тік бағытталған ұңғымаларының құрылысына арналған топтық техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі; «Южный Жаңажол кен орны №№1014, 1013 тік бағытталған ұңғымаларының құрылысына арналған топтық техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы, 3-үй, БСН 991041005280. Байланыстар: тел: +7 (7132) 766-469; эл. пошта: nil.cnpc-amg@mail.ru.

Әзірлеуші: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ ФЗИ, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы, 3-үй, БСН 991041005280. тел.: 8 (7132) 766-469; эл. пошта: nil.cnpc-amg@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескерту және (немесе) ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында ұсынылады.

Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us05web.zoom.us/j/81156511224?pwd=3JlYUOVAVsROVl5aFhW40D2TbLp.1>.

Конференция идентификаторы: 811 5651 1224.

Кіру коды: 43Sb6A.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Ақтөбе қаласы, 312- атқыштар дивизиясы, 3-үй, эл. пошта: nil.cnpc-amg@mail.ru. және +7 (7132) 766-469 телефон нөмірі.



Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-СЯСИАТ ГАЗЕТ

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА»
ЖШС

Газет 1974 жылы «Күрмет белгісі»
орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН